

«ЖАСЫЛ ЕЛ» БАҒДАРЛАМАСЫ


«Жасыл ел» бағдарламасы

Жастарға жаз мезгілінде құрылыс салу, елді мекендерді көгалдандыру (ағаш отырғызу, арамшөп отау, орманда, су қоймаларында санитарлық тазалық жүргізу) сияқты түрлі бағыт бойынша студенттік отрядтарда жұмыс істеу мүмкіндігін ұсынады. Бағдарламаға қатысу үшін «Жасыл ел» штабының жастарға арналған филиалына барып өтініш жазу керек. Бағдарламаға **14-35 жас аралығындағы** жастар қатыса алады.



ҚАЖЕТ ҚҰЖАТТАР:

1. Жеке күеліктің немесе түп туралы күеліктің көшірмелері 5 дана, ЖСН
2. Денсаулық жағдайы туралы анықтама; (№075 медициналық анықтама)
3. Көмелетке толмаған балаға ата-анасының келісімі (нотариус күеландырылған)
4. Ата-ананың жеке күелігінің көшірмесі.
5. Оқу орнынан анықтама (Ақтау қаласының оқушысы немесе студенті екенін растайтын)
6. Банк шот номері 20 нөмір - 2 дана
7. Күелік (көпбалалы отбасынан, аз қамтылған немесе толық емес отбасынан шыққаныңызды растайтын құжат және т. б.)
8. 3*4 фотосурет (1 дана)



«Жасыл ел» – жастар тірегі

Мектеп, студент және жұмыссыз жастарды маусымдық жұмысқа орналастыру, жастардың бойында Отанға деген патриотизмді және туған өлкенің байлығына ұқыпты қарауды қалыптастыру мақсатында Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2005 жылғы 25 маусымдағы № 632 Қаулысымен «Жасыл ел» бағдарламасы бекітілген.

Бағдарламаны жүзеге асырудың механизмі

«Жасыл Ел» бағдарламасы жастарға (14-29 жас) жазғы демалыс кезеңінде студенттік отрядтарда әр түрлі бағыттар бойынша жұмыс істеуге мүмкіндік береді: құрылыс, елді мекендерді көгалдандыру (ағаш отырғызу, отау, ормандарды, су қоймаларын санитарлық тазарту және т.б.), өз қаласын абаттандыру.

Жұмысқа орналасу және шарт жасасу үшін «Жасыл Ел» жастар еңбек жасақтарының штабы филиалдарына жүгіну қажет.

Бағдарламаны іске асыруға және студенттік отрядтардың жұмысына мемлекеттік жастар саясатына жетекшілік ететін мемлекеттік орган (Жастар саясаты, Ақпарат және қоғамдық даму, ішкі саясат мәселелері жөніндегі басқармалар (қалалық және аудандық бөлімдер) жанындағы әрбір өңірде ашық штабтар жетекшілік етеді

Заңнамаға сәйкес жұмыс уақыты жасына байланысты есептеледі. Мысалы, 14 жастағы балалар күніне 4 сағат жұмыс істейді. 16 жастан асқандар 6 сағат жұмыс істейді. 18 жастан бастап – күніне 8 сағаттан. Барлығы аптасына бес күн жұмыс істейді.